



Ноутбукқа арналған әмбебап бейімдегіш FinePower W-12

Құрметті сатып алушы!

Сізге «FinePower» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына қамқорлық жасаңыз және бұйымды одан әрі пайдалану кезінде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Әмбебап бейімдегіш ноутбуктерді қуаттауға арналған.

Сақтық шаралары

1. Бұл құрылғыны тек мақсатына сай пайдаланыңыз.
2. Осы құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
3. Жұмыс кезінде құрылғы құрғақ жерде болуы керек.
4. Бейімдегішті жаппаңыз және оған ешқандай заттар қоймаңыз.
5. Бұл құрылғыны қуатты жылу көздерінен, сондай-ақ сұйықтықтары бар контейнерлерден қашықтықта орналастырыңыз.
6. Бұл құрылғыны құрғақ жерде, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
7. Көзге көрінетін зақым болған кезде құрылғыны пайдаланбаңыз, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қауіпсіз пайдалану ережелері және шарттары

1. Кернеу: электр аспабыңызға қажет кернеуді анықтаңыз. Қуат блогының корпусына ажыратып-қосқышты қажетті кернеуге орнатыңыз. Егер кернеу белгісіз болса, ең кішісінен бастаңыз (3,0 В)
2. Ток: электр аспабыңыз тұтынатын тоқты анықтаңыз және оны қуаттау үшін 1000 мА қуат блогын пайдалануға болатындығына көз жеткізіңіз.
3. Ағытпа түрі: электр аспабыңызға сәйкес келетін кіріс ағытпасының түрін таңдаңыз.
4. Полярлық: электр аспабыңыздың полярлығын анықтаңыз. Таңдалған полярлыққа сәйкес қуат блогының сымын ағытпаға қосыңыз.
5. Қуат блогын желіге қосыңыз. Маңызды! Егер құрылғы дұрыс жұмыс істемесе, қуат блогын дереу желіден ажыратып, жұмыс режимінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C бастап 40 °C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін зиянның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғының ақаулығын анықтаған кезде дереу авторизацияланған сервис орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: W-12.
- Бейімдегіш түрі: әмбебап.
- Алмалы-салмалы жалғастырғыштардың саны: 7.
- Кіріс кернеуі: 100-240 В
- Кіріс жиілігі: 50/60 Гц.
- Шығыс кернеуі: 3 / 4,5 / 5 / 6 / 7,5 / 9 / 12 В – 1000 мА
- Шығыс тогы: 1000 мА.

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнім сатып алынған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайы сақталғанда кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуанчжоу Нэбьюлоса Тэкнолоджи Ко., Лтд.

301 каб., D ғимараты, 7 Цзинье 3-ші көш., ғылыми қалашық, өнеркәсіпті және жоғары технологияларды дамыту аймағы, Гуанчжоу қ., Гуандун пров., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нур-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының мына техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының техникалық регламенті талаптарына сәйкес келеді.

Айрықшаламалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы және функционалы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.1